

*Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің
20 жылдығына арналады.*

АЛҒЫ СӨЗ

Алаш қайраткерлерінің ойлары, саяси болмыс-бітімдері мен азаматтық ұстанымдары халқымыздың Тәуелсіз мемлекет болу жолындағы рухани сілкініс жасауына игі ықпал етті. Олардың отаншылдық, тұтастық пен бірлік, жалпыадамзаттық құндылықтары туралы ой орамдары бүгінгі күнім де идеялық күш болып қызмет етуде. Биылғы Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдық мерекесін қарсы алуға байланысты Алаш қайраткерлерінің сана-сезімінде туындаған қанатты ойларын топтастырып, оқырман назарына ұсынуды жөн санап отырмын.